

Астрахан аудандық мәслихатының 2014 жылғы 11 наурыздағы № 5С-27-5 "2014 жылға арналған Астрахан ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешені мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 2014 жылғы 16 қыркүйектегі № 5С-35-3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 9 қазанда № 4393 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешені мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысына сәйкес, Астрахан аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Астрахан аудандық мәслихатының «2014 жылға арналған Астрахан ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешені мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы» 2014 жылғы 11 наурыздағы № 5С-27-5 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4071 тіркелген, 2014 жылғы 10 сәуірде аудандық «Маяк» газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

Кіріспе жаңа редакцияда баяндалсын:

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7 бабының 3 тармағының 4) тармақшасына, «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешені мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысына сәйкес, Астрахан аудандық мәслихаты **Ш Е Ш І М Е Т Т І : » .**

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>сессиясының төрайымы</i>	<i>Астрахан аудандық мәслихаты</i>
	<i>Ж.Дүйсекеева</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>Астрахан аудандық</i>
<i>КЕЛІСІЛДІ</i>	<i>В.Собеский</i>
<i>Астрахан ауданының әкімі</i>	<i>Т.Ерсейітов</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК